

**«6D011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша  
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған  
Жұман Алтынай Қанатқызының  
«Билингвалды білім берудің ең озық дүниежүзілік тәжірибесін  
Қазақстандық үштілді білім беру жағдайына бейімдеу әдіснамасы»  
тақырыбында жазылған диссертациясы бойынша  
АҢДАТПА**

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі**

Тұрақты дамудың он жеті мақсатының төртінші мақсаты - білім сапасын арттыру және оның баршаға қолжетімділігін қамтамасыз ету [5]. Білім беру, өзінің шексіз сан алуандығымен тек қана жеке адамның ғана емес, тұтас бір қауымдастықтың табысты кілті болып табылады. Әрқайсысының мәдени бірегейлігін тану және қабылдау қазіргі әлемдегі қауымдастықтардың өзара әрекеттесуіндегі ең өзекті мәселе. Осы тұрғыдан алғанда, халықтар мен елдер арасындағы берік серіктестік болмаса, тұрақты дамудың барлық жаһандық мақсаттарына қол жеткізу мүмкін емес. Он жетінші мақсатты «Тұрақты даму үшін серіктестік» деп жариялау кездейсоқ емес [6]. Үлгілік мақсаттық, өзара тиімділікті ғана емес, сонымен қатар қоғамның әр түрлі салаларында мақсатты тәжірибе алмасуды көздейді. Білім және ғылым жүйесін дамытудың негізгі бағыттарын айқындайтын бірқатар мемлекеттік құжаттарда озық әлемдік тәжірибені сақтаудың маңыздылығы атап өтілуі кездейсоқ емес [7-8].

Қазақстанның ғылыми және педагогикалық қауымдастығы басқалардың тәжірибесіне оң көзқараспен қарайды. Алайда, оларды қолданудың механикалық тасымалдаумен және сыни емес тұрғыда көшірумен байланысты белгілі бір қауіптер бар. Жоғары білім жүйесіне енгізген оқытудың кредиттік технологиясы туралы айту жеткілікті. Білім алушылардың жеке білім беру траекториясын құру мен таңдаумен, сабаққа қатысуды тексеру өзгешелігімен, академиялық топтың жоқтығымен және т.б. байланысты оның ерекшеліктерін түсінуге және ұғынуға бірнеше жыл қажет болды.

Басқа сөзбен айтқанда, бүгінгі таңда қазақстанды білім беру жүйесінде іске асырылып жатқан көптеген инновациялар шетелден шыққан. Сонымен қатар, олардың еліміздің әлеуметтік-мәдени жағдайларына және ұлттық білім беру жүйесінің ерекшеліктеріне бейімделуінің стратегиялары мен тетіктері әрдайым анық бола бермейді. Әсіресе, үш тілде білім беру идеялары қоғаммен, әсіресе, мектеп оқушыларының ата-аналарының қабылдауы мен түсінуінің қиын жолынан өтті.

Қазақстан халықаралық өзара қарым-қатынастың негізгі қағидаттарының бірі ретінде ашықтықты көрсетті. Бұл, ең алдымен, тіл

саясатында жүзеге асырылады, осыған сәйкес Қазақстан халқының барлық тілдері ұлттық қазына ретінде айқындалады [9].

Білім беру саласының бәсекеге қабілеттілігін және экспорттық әлеуетін арттыру үшін мемлекет «Ұлт жоспары – 100 нақты қадам: заманауи мемлекет» бағдарламасында көрсетілген орта мектептер мен жоғары оқу орындарында оқыту тілі ретінде ағылшын тіліне кезең-кезеңімен көшу туралы шешім қабылдады» (79-қадам) [10]. Сонымен қатар, ағылшын тілін насихаттау үштілді білім беру қағидаттарына негізделеді, оның негізгі идеясы – тілдік үшбұрыштың шыңы Қазақстанның мемлекеттік тілі – қазақ тілі болып табылады [11-12].

Үш тілде білім беру қазақ, орыс және шетел тілдерін деңгейлік меңгеру арқылы жүзеге асырылады. Тілдерді оқытудың деңгейлік принципімен қатар, бүгінгі таңда грамматикалық әдіс-тәсілдерді сақтай отырып, коммуникативті тәсілге басымдық беріледі. Алайда, бірнеше тілді меңгерудегі ерекше маңызды дидактикалық құрал – қос тілді білім беру болып табылады. Қостілді білім берудің астарында оқушылардың қарым-қатынасты орнату, басқалармен қарым-қатынас жасау және топта жұмыс істеу дағдыларын дамытуға арналған идеялар жатыр. Осы тұрғыдан алғанда, олар 21 ғасырда табысты өмір сүру үшін дүниежүзілік экономикалық форум ұсынған дағдылармен толық сәйкес келеді [13].

Билингвалды білім беруді зерттеу шетелдік ғылымда жоғары дәрежеге ие. Бұған Web of Science және Scopus халықаралық деректер қорларындағы жұмыстардың библиометриялық талдауының нәтижелері дәлел. Зерттеу барысында біз соңғы он жылда әр ғылыми базада 2000-нан астам жұмыстың 1000-ға жуығын АҚШ ғалымдарымен жарияланғанын, екінші орында Испания тұрғанын анықтадық. Қазақстандық ғалымдары болса, әрбір дереккөз бойынша 11 мақала (барлығы 22 ғылыми мақала) жариялады. Ғылыми еңбектерді неғұрлым егжей-тегжейлі зерттеулер ғалымдардың билингвальді білім беруді әртүрлі елдердегі тарихи дамуы тұрғысынан оның қалыптасу факторларын анықтау, билингвальді білім беру бағдарламаларының түрлерін жіктеу және қалыптасуының әлеуметтік мәнін ашу тұрғысынан қарастыратынын көрсетті. Жалпы, осы саладағы бірқатар зерттеушілер (Бейкер К., Галскова Н.Д., Гез Н.И., Алиев Р., Каже Н., Щерба Л.В., Кук В.Дж., Титоне Р., Генеси Ф. және т.б.) билингвальді оқытуды баланың кем дегенде екі тілді, оның бірі сыныптағы кейбір немесе барлық балалардың ана тілі, ал екінші тіл, әдетте, кеңірек қарым-қатынас тілі, көбінесе ресми тіл немесе мемлекеттік тілді меңгеретін білім беру схемасы ретінде қарастырады.

Халықаралық тәжірибе алмасу мәселелеріне қайта оралсақ, белгілі бір білім беру жүйесінің шарттарына озық әлемдік тәжірибені бейімдеу контекстіндегі билингвалды білім беруді педагогика ғылымында жеткіліксіз зерттелгенін атап өтеміз.

Жалпы, билингвальді білім берудің озық тәжірибесін Қазақстанның білім беру жағдайларына бейімдеу мәселесін зерттеу келесі қарама-қайшылықтарды анықтауға мүмкіндік берді:

- билингвалды білім берудің озық әлемдік тәжірибесін қолдану қажеттілігі және оны қазақстандық үштілді білім беру жағдайына бейімдеу бойынша әдістемелік қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі;

- билингвалды білім берудегі озық әлемдік тәжірибені бейімдеу бойынша әдістемелік қолдауға сұраныс және аталған бейімдеудің педагогикалық стратегиялары мен механизмдердің іс жүзінде жоқтығы.

Аталған қарама-қайшылықтардың негізінде зерттеу мәселесі келесі сұрақтарға жауап іздеумен анықталды: «Билингвалды білім берудегі озық әлемдік тәжірибені қалай анықтауға болады? Оның критерийлері қандай?», «Билингвалды білім берудегі озық әлемдік тәжірибені қолдану әдістемесі қандай?», «Билингвалды білім берудің озық әлемдік тәжірибесін қазақстандық білім беру жағдайына бейімдеудің педагогикалық стратегиялары мен механизмдері қандай?». Анықталған мәселе **«Билингвалды білім берудің ең озық дүниежүзілік тәжірибесін қазақстандық үштілді білім беру жағдайына бейімдеу әдіснамасы»** атты диссертациялық зерттеу тақырыбын таңдауда анықтаушы фактор болып табылады.

**Зерттеу нысаны:** үштілді білім беру жағдайында билингвалды білім берудің озық әлемдік тәжірибесін бейімдеу.

**Зерттеу пәні:** билингвалды білім берудегі озық әлемдік тәжірибені бейімдеудің педагогикалық стратегиялары мен механизмдері.

**Жұмыстың мақсаты:** билингвалды білім берудің озық әлемдік тәжірибесін қазақстандық үштілді білім беру жүйесінің жағдайына бейімдеудің педагогикалық стратегиялары мен механизмдерін ғылыми тұрғыда негіздеу және әзірлеу.

**Зерттеу болжамы:** билингвалды білім берудің озық әлемдік тәжірибесін қазақстандық мектептегі білім беру жүйесінің жағдайына бейімдеу педагогикалық стратегиялар мен механизмдер жүйесі құрастырылып, қолданылған жағдайда табысты болады. Аталмыш тәжірибенің нақты фрагменті, оның негізділігі бағалау критерийлерін әзірлеу және осы мәселеде ең табысты шетел мемлекеттерін таңдау арқылы қамтамасыз етіледі, өйткені сыни бейімдеу принципі бейімделгіш ортаға оң әсер етудің кепілі ретінде сақталады.

Зерттеудің мақсаты мен болжамы негізінде келесі **міндеттер** анықталды:

1. Билингвалды білім берудің әлемдік үздік тәжірибесінің мәнін ашу;
2. Билингвалды білім берудің озық әлемдік тәжірибесін анықтау;
3. Зерттелетін құбылысты бейімдеудің әдіснамалық негіздерін анықтау;

4. Билингвалды оқытудың үздік әлемдік тәжірибесін қазақстандық білім беру жағдайларына бейімдеудің педагогикалық стратегиялары мен механизмдерін әзірлеу;

5. Зерттелетін құбылысты бейімдеудің әзірленген педагогикалық стратегиялары мен механизмдерін тәжірибелік тексеруін жүргізу.

#### **Зерттеудің әдістемелік негізін келесі ғылыми еңбектер құрайды:**

- көптілді және үштілді білім беру мәселесі бойынша, қазіргі тіл білімінің негізгі концепцияларын, сонымен қоса жалпы сапалы білім берудің озық факторы ретінде тіл білімін алғашқы ұстанымын түсінуге ықпалын тигізген ғалымдар (Кунанбаева С.С., Жетписбаева Б.А., José Manuel Vez V.J. Cook, M. Clyne, Л.М. Малых, А.В. Жуков және басқалары);

- билингвалды білім беру мәселелері бойынша келесі ғалымдардың жұмыстары бірнеше тілдерді қатар оқу ана тілін білуге негізделген пікірімізді растады (Ч. Бейкер, Ф. Генеси және К. Линдхолм-Лири, Дж. Ф. Хамерс, М. Бланк, Р. Әлиев, Н. Каже, Л. В. Щерба, Шерил А. Робертс, О. Гарсиа, Г. Қадыржанова, Д.Абдрахманова);

- өзге елдің тәжірибесін бейімдеу мәселелері бойынша бейімделудің мәнін түсінуге және бейімдеу барысында бүкіл шетелдік білім беру жүйесін таңдамай, оның белгілі бір корреляциялық фрагментін ғана таңдау, ең тиімді болады деген түйсікке келуге мүмкіндік берген ғалымдардың жұмыстары (Э.Дюркгейм, Л.В. Корел, А.А.Ершов, Л.Ф. Бурлачук, А.А.Рейн, А.Р.Кудашев, А.А.Баранов, Т.Парсонс, В.Терзиев, Дж.В.Бэрри);

- білім беру саласын әдіснамалық қамтамасыз ету мәселелеріне арналған жұмыстар (Н.В. Бордовская, В.А. Слостенин, В.П. Каширин, Л.П. Крившенко, М.Е. Вайндорф, Дж. Пиаже, Л. Вигоцкий);

- тілді үйренудегі мотивация мәселелері (Р.К.Гарднер, В.Э.Ламберт, Д.Золтан, Деци, Л.Эдвард, М.Ричард, т.б.).

#### **Зерттеу әдістері.**

Бірінші және үшінші міндеттерді шешу үшін ғылыми жұмыстарды теориялық талдау, жүйелеу, құрылымдау және классификациялау, VosViewer библиометриялық талдау бағдарламасы арқылы визуализациялау, ғылыми ережелерді түсіндіру, тәуелсіз сараптама әдісі қолданылды.

Екінші міндетті шешу үшін халықаралық зерттеулер нәтижелерін жүйелі және салыстырмалы талдау әдістері (PISA, TIMSS, PIRLS, TALIS, сонымен қатар GIC), критериалды, ретроспективті және салыстырмалы талдау әдістері, мәліметтерді интерпретациялау және жалпылау әдістері алынған.

Төртінші міндетті шешу үшін педагогикалық жүйелерді тұжырымдамалау, педагогикалық жобалау және модельдеу әдістері қолданылды.

Бесінші міндетті шешу үшін тестілеу, сауалнама, сұрақ қою және сұхбат алу, субъективті пікірлерді объективті ету, жинақтау және жүйелеу, сондай-ақ статистикалық мәліметтерді математикалық өңдеу әдістері қолданылды.

Алынған нәтижелердің сенімділігі мен негізділігі жоғарыда көрсетілген зерттеу әдістерінің қойылған міндеттерге сәйкестігімен қамтамасыз етіледі. Тиісті әдістерді қолдану негізінде зерттеу әдістерін шешу барысында аралық зерттеу нәтижелері жүйелі түрде алынды.

#### **Ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы:**

- отандық педагогикада алғаш рет билингвалды білім берудің озық әлемдік тәжірибесін бағалау критерийлер жүйесі құрастырылды;

- алынған критерийлер негізінде билингвалды білім берудің табысты тәжірибесін анықтауға және оны қазақстандық тілдік білім беру жүйесінің жағдайына бейімдеудің педагогикалық стратегиялары мен механизмдерін құрастыруға әрекет жасалынды.

Осыған орай, алынған нәтижелердің маңыздылығы билингвалды білім берудің озық тәжірибесін бейімдеу сыни бағалау негізінде құрылу керек екендігімен анықталады.

**Жұмыстың практикалық маңыздылығы:** билингвалды білім берудегі озық елдер тәжірибесінің фрагменттерінің бірі ретінде MSLQ (Motivated Strategies for Learning Questionnaire) сауалнамасының субшкаласы мен критерийлер негізінде дайындаған шетел тілін меңгеруде оқушылардың мотивациясын дамыту бағдарламасын мектептік білім беру тәжірибесінде қолдануға болады.

#### **Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар:**

Әлемдік білім беру үрдістерінің бірі ретінде билингвалды білім берудің берік тарихы (19 ғасырдан бастау алуымен) ғана емес, сонымен қоса ғылымда жоғары даму дәрежесі бар. Бұл құбылыстың түрлі аспектілері мен қырларын зерттейтін ғалымдардың еңбектерінде прогрессивті өсу байқалады. Бүгінгі күні ғылымда билингвалды білім беру жалпы контексте - оқытуда екі тілді қолдану ретінде қарастырылады, оның күшті және әлсіз нысандарының жеткілікті кең спектрі бар, шетел тілін оқытудың Мэйнстрим бағдарламасынан бастап, Имершн бағдарламасына дейін.

Билингвалды білім берудің үздік әлемдік тәжірибесін анықтау үшін біз оны бағалау критерийлерін әзірлеуге бастамашылық жасадық. Бұл жағдайда бастапқы ұстаным критерийлерді «... қойылған сұраққа оңтайлы жауаптың немесе мәселені шешудің анықтамалық мәні...» ретінде түсіну болды. Осы анықтамаға сүйене отырып, біз халықаралық тану, тұрақтылық, тиімділік және бейімделушілік сияқты критерийлерді ұсындық. Бірінші критерий сенімді диагностикалық құралдарды қолдану арқылы негізделген, жалпымен мақұлдаған сарапшылардың оң, ұжымдық бағасын білдіреді. Мұндай бағалаулар ретінде біз ЖБҚИ, PISA, TIMSS,

PIRLS, TALIS халықаралық салыстырмалы зерттеулердің нәтижелерін алдық. Екінші критерий кез келген жүйенің уақыт өте келе өзінің қасиеттері мен сапаларын сақтау мүмкіндігін білдіреді. Сондықтан, біздің зерттеу контекстінде біз тәжірибенің тұрақтылығын 2017 жылдан бастап соңғы үш циклда жоғарыда аталған халықаралық зерттеулер нәтижелерінің оң динамикасы ретінде түсіндіреміз. Үшінші критерий TIMSS, PISA, PIRLS, TALIS көрсеткіштерінің ЖБҚИ және PIAAC көрсеткіштерімен оң корреляциялық коэффициентін білдіреді, себебі: біріншіден, ЖБҚИ ұлттық экономикалардың бәсекеге қабілеттілігінің рейтингін анықтайды, оның көрсеткіштерінің ішінде білім беру индикаторлары бірінші орынды алады; екіншіден, PIAAC мектеп кезінде TIMSS, PISA, PIRLS-ке қатысқан ересектердің құзыреттілігін бағалайды. Төртінші критерий бейімделуші және тасымалдаушы елдердің тәжірибесі арасындағы корреляцияны білдіреді.

Тәуелсіз сарапшылардың оң қорытындысын алған осы критерийлер, сондай-ақ билингвалды білім берудің ерекшеліктерін түсіну негізінде әлемдегі ең табысты билингвалды білім беру тәжірибесі бар елдер анықталды, атап айтсақ, Сингапур мен Финляндия.

Зерттелетін құбылысты бейімдеудің әдістемелік негізі осы екі елдің тәжірибесінің шынайылығын жоғалтпай қолдану және қазақстандық билингвалды білім беруді дамытуға ынталандырушы әсер ету мүмкіндігі ретінде түсіну болды. Сонымен қатар, басқа елдердің тәжірибесін бейімдеу үшін контекстік интерпретация және белгілі бір көрсеткіштер бойынша салыстырмалы талдау қажет, бұл бейімделетін тәжірибенің ең қолайлы фрагментін анықтауға мүмкіндік береді. Біз зерттеп отырған мәселе контекстіндегі салыстырмалы талдау Сингапур, Финляндия және Қазақстан халқының менталитетінің ерекшеліктерін, осы елдердің географиялық, демографиялық және экономикалық жағдайын қарастыруды көздейді. Осы талдау нәтижесінде үш елде билингвалды білім беруде көптеген түсінікті және трансферттік әдістер мен технологиялар бар екені анықталды. Осы тұрғыдан алғанда, Финляндия мен Сингапурдағы мектеп оқушыларының жоғары көрсеткіштер көрсетудің негізі олардың тілдерді үйренуге деген ынтасының жоғары деңгейі болып табылады: фин мектеп оқушылары үшін бұл фин тілі болса (бұл тіл мемлекеттік тіл мәртебесіне ие), сингапурлықтар үшін ағылшын тілі. Қазақстандық тілге бейімдеу жағдайы үшін бұл параллельдер мемлекеттік тілдің қазақ тілі болуымен байланысты: бұл жерде финдердің қазақстандықтардан айырмашылығы ынтасының жоғары болуында. Ағылшын тілі туралы айтатын болсақ, мұндағы жағдай Сингапурдағы мектеп оқушыларының мотивациясына ұқсас.

Салыстырмалы талдау екі блоктан, біріншісі алты кіші шкалаға бөлінген 31 критерий бойынша, екіншісі екі құрамдас бөлікке топтастырылған 50 критерий бойынша мектеп оқушыларын мотивациясын

бағалайтын Мотивацияланған Оқыту стратегиялары сауалнамасын (MSLQ) қолдану берілген мемлекеттердің тәжірибесін бейімдеудің бір фрагменті болып табылатынын көрсетті.

Сонымен, билингвалды білім берудің озық әлемдік тәжірибесін қазақстандық білім беру жүйесінің жағдайына бейімдеудің педагогикалық стратегиялары:

- үздік әлемдік тәжірибені бағалау критерийлерін құрастыру;
- осы критерийлерге сай билингвалды білім беруде жетік тәжірибесі бар елдерді анықтау;
- анықталған озық шетелдік тәжірибенің қазақстандық билингвалды білім беру тәжірибесімен байланысын орнату;
- анықталған тәжірибенің Қазақстан жағдайына бейімделуіне ең қолайлы мүмкіндіктері бар бір немесе бірнеше фрагменттерді таңдау.

Педагогикалық іс-әрекеттің орындалу тәртібін анықтайтын элементтер жиынтығы ретінде біз түсінетін педагогикалық механизмдер ретінде мыналарды ұсынамыз:

- MSLQ сауалнамасының критерийлерін ескере отырып, құрастырылған мектеп оқушыларының тілдерді үйренуге деген ынтасын дамыту бағдарламасы;
- мектеп оқушыларына қос тілде білім беру мәселелерінде Сингапур мен Финляндияның озық тәжірибесін қолдану бойынша мұғалімдерге арналған оқу-әдістемелік семинарлар.

Эксперимент аясында жүргізілген зерттелетін құбылыстың бейімдеуінің педагогикалық стратегиялары мен механизмдерінің практикалық тексеруі, олардың жүйелілігі мен оң тиімділігін негіздейді.

**Зерттеу базасы:** Қарағанды қ. «№ 82 жалпы білім беретін мектеп».

**Зерттеу кезеңдері:**

*Зерттеудің бірінші кезеңі* (2018 ж. қазан – 2019 ж. тамыз): зерттеліп отырған мәселе бойынша ғылыми материалдарды іздеу, жинақтау және жүйелеу, ғылыми аппаратты жасау, билингвалды білім берудің озық әлемдік тәжірибесін зерделеу және анықтау, білім берудің мәнін анықтау, билингвалды білім берудің үздік әлемдік тәжірибесін бейімдеуге әдістемелік негізін анықтау.

*Зерттеудің екінші кезеңі* (2019 жылдың қыркүйегі – 2020 жылдың желтоқсаны) зерттелетін құбылысты бейімдеудің педагогикалық стратегиялары мен механизмдерін тәжірибе жүзінде тексеру, зерттелетін мәселе бойынша эксперименттік педагогикалық жұмыстарды ұйымдастыру және іске асыру.

*Зерттеудің үшінші кезеңі* (2021 жылдың қаңтарынан бастап) алынған мәліметтерді өңдеу және түсіндіру, қорытындыларды тұжырымдау және зерттеу нәтижелерін жалпылау, сонымен қатар диссертациялық материалды редакциялық безендіру болып табылады.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері 11 ғылыми еңбекте көрсетілген, олардың 1 мақала SCOPUS базасына кіретін журналда, 1 мақала Web of Science базасына кіретін журналында, 8 мақала ҚР ҒЖБССҚК ұсынған басылымдар тізіміне кіретін журналдарда, 1 мақала Халықаралық ғылыми конференция материалдарында.

Диссертацияның құрылымы. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, қолданылған әдебиеттер тізімінен (161 әдебиет), 2 қосымшадан тұрады.